

**«Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімі Олжабай батыр
ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ –нде мектепшілік бақылауды жүзеге асыру
бойынша талдау
2025-2026 оқу жылы**

Мектепшілік бақылау – талдау және мақсат қою функцияларымен тікелей байланысты маңызды басқару функцияларының бірі. Білім беру процесін ұйымдастыруда мектеп қызметінің барлық бағыттары бойынша мектепшілік бақылауды сапалы жоспарлау мен жүзеге асыру арқылы нәтижеге жетуге болады. Бақылауға және жақсартуға байланысты басқарушылық міндеттерді іске асыру үшін "Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізуге міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы" ҚР БҒМ 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына сәйкес мектепшілік бақылау жоспары құрылып бекітілді.

Мектепшілік бақылаудың (МІБ) мақсаты: мектептегі педагогикалық процестің қызмет етуі мен дамуының мемлекеттік білім беру стандартының талаптарына сәйкес келуіне қол жеткізу, оқушылардың жеке ерекшеліктерін, қызығушылықтарын, білім алу мүмкіндіктерін, денсаулық жағдайын ескере отырып, білім беру процесін одан әрі жетілдіру.

Мектепшілік бақылаудың міндеттері:

1. Қазақстан Республикасының Білім туралы заңының, нормативтік құжаттардың, педагогикалық кеңестің бұйрықтары мен шешімдерінің орындалуын бақылау, педагогикалық қызметкерлердің қызметінің нәтижелерін талдау және сараптамалық баға беру.
2. Оқушылардың білім сапасын арттыруда жазба сабақтарында оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын дамыту, инклюзивті білім беруді жүйелендіру және жаһандық құзіреттілікті арттыру жұмыстарын жүйелеу;
3. Жаратылыстану – математикалық бағыттағы пәндерден оқушылардың білім сапасын арттыру мен білім олқылықтарын толықтыру жұмыстары кеңінен қарастыру;
4. Оқушылардың білім сапасына жүргізілген жүйелі мониторинг нәтижелерін талдау және оларды әдістемелік бірлестікте талқылау.
5. Дарынды балаларға білім берудің вариативтілігін және көп деңгейлігін қамтамасыз ететін жағдайлар жасау;
6. Педагогикалық ұжым мүшелерінің кәсіби біліктілігі мен шеберліктерін дамыта отырып, санаттарын көтеру жұмыстарын жүйелі түрде жалғастыру;
7. Оқыту мен оқуда заманауи тәсілдерді қолдануда, кедергілерді анықтау және оларды түзетуде мұғалімдер дайындығы үдерісінің тиімділігін мониторингілеуді ұйымдастыру.

Бақылау түрлері:

- тақырыптық
- ағымдық
- жан - жақты

Мектепшілік бақылаудың маңызды қызметі мұғалімге педагогикалық шеберліктің өсуіне ықпал ететін әдістемелік көмек көрсету болып табылады. Сондықтан бақылауды жоспарлау және жүзеге асыру ғана емес, белгілі бір проблемалар туындағанда оны шешу маңызды. Мектепшілік бақылау 6 бағыт бойынша жүзеге асырылды.

I. Нормативтік құжаттардың орындалуын және талаптарға сәйкес мектеп құжаттамасының жүргізілуін бақылау

Нормативтік құжаттардың орындалуын бақылау барысында ҚР заңының нормативті- құқықтық құжаттары орындалуын, білім беру саласындағы заңнамаларды сақтау барысы, тәрбие жүйесінде басшылыққа алынатын заңнамаларды орындауы қадағаланды.

Білім беру процесін ұйымдастыру кезінде білім беру ұйымы "Білім туралы", "Педагог мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарын басшылыққа алады және оқу процесін мынадай нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асырады:

- ✓ «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы; (Өзгерістермен 23.09.2022 № 406, 04.10.2023 № 303, 23.01.2025 № 12)
- ✓ «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы) өзгерістермен 2024 жылғы 27.06 № 161 бұйрығы; 2023 жылғы 26.10 №323 бұйрығы.
- ✓ «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы) (өзгерістер енгізілген);
- ✓ «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы);

- ✓ «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығы);
- ✓ Оқу процесін ұйымдастыруда «2025-2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу – тәрбие процесін ұйымдастыру ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаты пайдаланылды.
- ✓ "Педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" ҚР БҒМ міндетін атқарушының 2008 жылғы 16 мамырдағы №272 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы "
- ✓ ҚР ДСМ 5.08.2021 ж. № ЖЖМ -76 бұйрығымен бекітілген "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары (ҚР Денсаулық сақтау министрінің 31.03.2022 № ҚР ДСМ-31 өзгеріс енгізілді)

Оқу жылының басында қауіпсіздік техникасы бойынша мектеп қызметкерлеріне, оқушыларға кіріспе нұсқаулық беру бойынша пән мұғалімдерінің кабинет және сабақтағы техника қауіпсіздік жүргізу журналын тексерілді. Барлық журналдар тігілген және нөмірленген. Оқушылардың нұсқаулықпен танысқандығы туралы қолтаңбалары қойылған.

Мектепшілік құжаттардың жүргізілуін бақылау:

Мектептің құжаттарын жүргізу бекітілген номенклатура негізінде жүргізіледі. Бекітілген номенклатураға сәйкес құжаттардың жағдайын бақылау мақсатымен мектептің бекітілген номенклатурасы негізінде кітапханашы, іс- жүргізуші, тәрбие ісі орынбасары, шаруашылық жөніндегі орынбасары және медициналық қызметкердің құжаттары тексерілді. Барлық құжаттар істер номенклатурасы негізінде нөмірленіп жүргізіледі. Осы номенклатура негізінде жүргізілетін құжаттар жоспар бойынша бақыланып отырды. Оның ішінде оқушылардың іс- қағаздарын жүргізу, оқушылардың қозғалысын реттеру бойынша келген және кеткен оқушылардың құжаттары, алфавиттік кітап, оқушылардың үлгерімін тіркеу бойынша журнал, негізгі орта және жалпы орта білім беру аттестаттарын беру журналы, оқушыларды мадақтау бойынша мадақтамаларды тіркеу журналы жүргізіледі. Мұғалімдердің күнтізбелік- тақырыптық жоспарларының бекітілген пәндік бағдарлама негізінде жасалуы тамыз айында бақыланды. Пән бойынша курс, факультатив, үйірме және секция жоспарлары тамыз және қаңтар айларында тексеріліп бекітілді. Мұғалімдердің күнделікті сабақ жоспарлары тексеріліп, ұсыныстар беріліп отырды.

Құжаттарды жүргізуге электронды журналды жүргізу де жатады. Оның ішінде күнтізбелік тақырыптық жоспарды уақытылы енгізу, БЖБ және ТЖБ қорытындысы бойынша баллдарды уақытылы толтыру қатаң бақылауда болады. Электронды журналды толтыру бойынша мониторинг күнде, апта және ай сайын жүргізілді. Электронды журналды жүргізуді бақылау бойынша журнал бар, журнал тігілген және нөмірленген.

Сондай-ақ оқушылардың пәндер бойынша дәптер жүргізулері талаптарға сай болуы бақыланды. Пәндер бойынша дәптер жүргізу талабы №1 педагогикалық кеңесте бекітілді. Сол талап бойынша барлық оқушылардың пән бойынша дәптерлерінің нормаға сай болуы бақыланды. Дәптерді тексеру мұғалімдердің сабақта әр түрлі жұмыс түрлерін қолданатынын, үй тапсырмасының көлемі мен мөлшері сәйкес келетінін көрсетті. оқушылардың нормасы мен жасына сәйкес келеді. Дәптерлерді тексеру барысында мынадай кемшіліктер анықталды: кейбір оқушылар абайсызда жазып алады және қателермен жұмыс жасамау, үй тапсырмасын орындау, сабақта жазбаларды толық жазбау. Мұғалімдердің үлгерімі төмен оқушылармен жұмыстарды жеткіліксіз орындауы байқалды.

- Жүргізілген барлық бақылау бойынша қорытынды анықтама жасалып, ұсыныстар мен ескертулер берілді. Жүргізілген бақылау бойынша нәтижелер директор жанындағы кеңес, педагогикалық кеңес отырыстарында талқыланды.

№	Бағалау өлшемдері	Бақылау объектілері	Ақпарат	Туындаған мәселелер	Ұсыныс
1	«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы	<ol style="list-style-type: none"> 1. Мектептің оқу жұмыс жоспарын тексеру; 2. Тарификациялық жоспар тексеру; 	<p>Типтік оқу жоспарына сай мектептің оқу жұмыс жоспары қаралды. Оқу жұмыс жоспарының мазмұнға, оқу жүктемесінің максималды көлеміне сай. Оқу жылының басталуы және ұйымдастыру бойынша бұйрық құрылған. Барлық пән мұғалімдері тарификацияға енгізілген. Ваканттық сағаттар бөлінген.</p>	-	Білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын 100% орындалуын қадағалау.

2	«Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы) өзгерістермен 2023 жылғы 18 тамыздағы № 264 бұйрығы;	Мұғалімдердің күнтізбелік – тақырыптық жоспарлары бақыланды.	Мұғалімдердің күнтізбелік – тақырыптық жоспарларының мазмұны оқу бағдарламаларына сай келеді. Барлық бөлімдер мен сағаттар қамтылған. КТЖ бір жылға құрылған.	-	ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығының орындалуын қадағалау.
3	Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» ҚР БҒМ 18.03.2008 ж. № 125 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 13.04.2023 ж. №96 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен;	<ol style="list-style-type: none"> 1. БЖБ, ТЖБ өткізу кестесі. 2. БЖБ, ТЖБ тапсырмалары. 3. Қорытынды аттестаттау өткізу бойынша аралық және мемлекеттік емтихан кестесі. Аралық емтихан қорытындысы бойынша хаттама және талдау жұмыстары. 4. Мемлекеттік емтихан өткізу бойынша кезекшілер тізімі, ассистенттер тізімі. 	<p>Оқу жылына арналған БЖБ, ТЖБ кестелері бекітілген. Бір күнде өткізілетін ТЖБ саны 3 –ден аспайды. БЖБ, ТЖБ тапсырмалары әдістемелік кеңестерде қарастырылып бекітіледі.</p> <p>Тапсырмалар оқушылардың жас ерекшеліктері мен деңгейлеріне сай болуы қадағаланды.</p> <p>Қорытынды аттестация өткізу комиссиясын құру туралы бұйрық 2026 жылдың қаңтар айында шығарылған.</p> <p>Қорытынды аттестация бойынша аралық және мемлекеттік емтихан</p>	1.БЖБ,ТЖБ –ның сапасыз өткізілуі мен нәтижелерінің жан-жақты талданбауы.	ҚР БҒМ 18.03.2008 ж. № 125 бұйрығының орындалуын бақылау.

		5. Мемлекеттік емтихан бойынша хаттамалар.	өткізу кестесі, кезекшілер және ассистенттер тізімі бекітілген. Аралық және мемлекеттік емтихан бойынша хаттама №3 қосымша негізінде жазылған.		
4	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» бұйрығы талаптарын орындау.	1. Мектеп номенклатурасы. 2. Оқушылардың іс-қағаздарын жүргізу. 3. Оқушылардың қозғалысын реттеру бойынша келген және кеткен оқушылардың құжаттары. 4. Алфавиттік кітап. 5. Оқушылардың үлгерімін тіркеу бойынша журнал. 6. Негізгі орта және жалпы орта білім беру аттестаттарын беру журналы. 7. Оқушыларды мадақтау бойынша мадақтамаларды тіркеу журналы. 8. Ата-аналар жиналысы, педагогикалық және әдістемелік кеңестердің, директордың жанындағы кеңестің хаттамалары.	Мектептің құжаттарын жүргізу бекітілген номенклатура негізінде жүргізіледі. Бекітілген номенклатураға сәйкес құжаттардың жағдайын бақылау мақсатымен мектептің бекітілген номенклатурасы негізінде кітапханашы, іс- жүргізуші, тәрбие ісі орынбасары, шаруашылық жөніндегі орынбасары және медициналық қызметкердің құжаттары тексерілді. Барлық құжаттар істер номенклатурасы негізінде нөмірленіп жүргізіледі. Осы номенклатура негізінде жүргізілетін құжаттар жоспар бойынша бақыланып отырды. Оның ішінде оқушылардың іс-қағаздарын жүргізу, оқушылардың қозғалысын реттеру бойынша келген және кеткен оқушылардың құжаттары, алфавиттік кітап, оқушылардың үлгерімін тіркеу бойынша журнал, негізгі орта және жалпы орта білім беру аттестаттарын беру журналы, оқушыларды мадақтау бойынша мадақтамаларды тіркеу журналы	1. Электронды журналдың уақытылы толтырылмау;	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы талаптарының орындалуын бақылау.

		<p>9. Оқушылардың пәндер бойынша дәптерлері.</p> <p>10. Қауіпсіздік техникасы құжаттары.</p>	<p>жүргізіледі. Құжаттарды жүргізуге электронды журналды жүргізу де жатады. Электронды журналды толтыру бойынша мониторинг күнде, апта және ай сайын жүргізілді. Мұғалімдердің оқушылармен кері байланыс жасауы бақыланды.</p> <p>Сондай-ақ оқушылардың пәндер бойынша дәптер және күнделік жүргізулері талаптарға сай болуы бақыланды. Пәндер бойынша дәптер жүргізу талабы №1 педагогикалық кеңесте бекітілді. Сол талап бойынша барлық оқушылардың пән бойынша дәптерлерінің нормаға сай болуы бақыланды. Дәптерді тексеру мұғалімдердің сабақта әр түрлі жұмыс түрлерін қолданатынын, үй тапсырмасының көлемі мен мөлшері сәйкес келетінін көрсетті. оқушылардың нормасы мен жасына сәйкес келеді.</p>		
5	<p>Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. Оқулықпен қамтамасыз ету есебі. 2. Оқулық алмастыру АКТ-рі. 3. Оқулықтар қорының тізімі. 	<p>Барлық оқушылар оқулықпен қамтамасыз етілген. Жетпеген оқулықтар басқа мектептерден АКТ жасау арқылы алынған. Мектеп кітапханасында әр оқушыға картотека ашылған. Оқушылар мен әдеби кітаптардың тізімі бар. Оқулықтар мен әдеби кітаптарға сұраныс өтінімдері бар.</p>	<p>Оқулықтардың жетпеу қаупі.</p>	<p>Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы №216 бұйрығының орыналуын бақылау.</p>

	ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқуәдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» бұйрығы талаптарын орындау.				
6	ҚР ДСМ 5.08.2021 ж. № ЖЖМ -76 бұйрығымен бекітілген "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары (ҚР Денсаулық сақтау министрінің 31.03.2022 № ҚР ДСМ-31 өзгеріс енгізілді)	Оқу кабинеттерінің паспорттары. Мектеп асханасында тамақтандыруды ұйымдастыру құжаттары.	Оқу кабинеттеріндегі санитарлық талаптардың орындалуы бақыланды. Әр кабинеттегі жарықтандыру, парталардың арақашықтығы, үзіліс арасындағы желдету қадағаланды. Мектеп асханасында тамақтануды ұйымдастыру құжаттары қадағаланды. Оның ішінде ас мәзірі, тегін тамақтанатын оқушылар тізімі қаралды.	-	ҚР ДСМ 5.08.2021 ж. № ЖЖМ -76 бұйрығымен бекітілген санитариялық қағидалардың орындалуын қадағалау.
7	Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі №151 «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңы, Қазақстан Республикасы	1. «Тіл туралы» комиссия құжаттарын бақылау.	«Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының іске асыру бойынша Заңнаманы сақтау шеңберінде мектебіміздегі көрнекі ақпараттар, маңдайшалар, стенд мәтіндерінің ресімделуіне директор, әкімшілік тарапынан	-	Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі №151 «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңы, Қазақстан

	<p>Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 1045 «Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» қаулысы талаптарын бұзбау</p>		<p>бақылау жасалынып отырды. Көрнекі ақпараттар, маңдайшалар, стенд мәтіндері мемлекеттік тілде және орыс тілінде жазылған. Мектеп құжаттарын қазақ тілінде жүргізіледі. Мектептің іс номенклатурасы бойынша іс жүргізу, негізгі қызмет бойынша бұйрықтар кітабы, жеке құрам бойынша бұйрықтар кітабы, оқушылардың қозғалысы бойынша бұйрықтар кітабы, хаттамалар (педагогикалық, ғылыми-әдістемелік кеңестердің, директор жанындағы жиналыстардың т. б.) талапқа сай жүргізіледі және әкімшілік тарапынан қатаң бақылауға алынады. Мектеп Жарғысы, соған сәйкес мөр, мөртабан мәтіні екі тілде жазылған. Мектептің жылдық жоспары, жылдық күнтізбелік т. б. жоспарлар мен құжаттар екі тілде жүргізіледі.</p>		<p>Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 1045 «Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» қаулысы талаптарының орындалуын қадағалау.</p>
8	<p>Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 «Мектепке дейінгі</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. Педагогтердің біліктілікті арттыру курстарынан өту жоспары. 2. Педагогтардың аттестациядан өту жоспары. 	<p>Педагогтардың курстық біліктілігін арттыру және аттестациядан өту құжаттары тексерілді. Мектепте сарапшы және аттестация комиссиясы оқу жылының басында құрылған.</p>	-	<p>Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83</p>

<p>тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» бұйрығы;</p>		<p>Біліктілік арттыру бойынша перспективті жоспар құрылған. Педагогтарды аттестациядан өтуі бойынша жылдық жұмыс құрылған. Жоспар бойынша барлық іс-шаралар өткізілді. Аттестация ережелері мұғалімдерге педагогикалық кеңес отырыстарында таныстырылған, хаттамаға енгізілген.</p>	<p>бұйрықтың орындалуын бақылау.</p>
---	--	---	--------------------------------------

II. Оқу процесінің сапасын бақылау

Баланың сапалы білім алуын бақылауда ең алдымен жалпы оқытуды бақылауды ұйымдастыру болды. Оның негізінде 6 жасқа толған оқушылардың барлығын мектепте оқытуды ұйымдастыру жүргізілді. Мектеп оқушыларының тізімі жасалды. Отбасының әлеуметтік жағдайын бақылау бойынша сынып жетекшілер жұмыстар жүргізді. «Мектепке жол» акциясы ұйымдастырылды. 9,11 сынып түлектерінің еңбекпен қамтылуы бақылауда болды. Арнайы орта және жоғары оқу

орындарына оқуға түскен оқушылардың анықтамалары жинақталды. Аз қамтылған отбасылардан шыққан оқушыларға көмек көрсетілді. Олар тегін ыстық тамақпен қамтылу тізіміне енгізілді. Кесте бойынша оқушыларды жылдық дәрігерлік тексеруден өткізілді. Жүргізілген тексеріс бойынша қорытынды есептер мен анықтамалар жасалды.

Жалпы сыныптық бақылау- бір сыныптың оқу үрдісінің жағдайын бақылау. Осы бақылау негізінде сыныптың сабақтарда белсенділігі, өзара қарым- қатынас оқушы – мұғалім - ата - ана- мектеп, даму деңгейі бақыланды. Ағымдағы оқу жылында жалпы -сыныптық бақылау 1, 5, 10 сыныптарда, мектепке, сыныпқа бейімделу кезеңінің өтуін бақылау, 4,8,7 сыныптарда білім алушылардың білім, білік, дағдыларын зерттеу мақсатында, 9,11 сыныптарда қорыныды аттестацияға дайындықты зерттеу мақсатында жүргізілді.

Жалпы - сыныптық бақылау барысында сыныптардың сабақтарына қатысып оқушылардың ынтасы, белсенділігі, сабақты жүргізу сапасы анықталды, білім деңгейін анықтауда бақылау жұмыстары алынды. Бақылау нәтижелері бейімдеу процесін 1, 5, 10 сынып оқушыларының мектепке оң динамикасын көрсетті. 1,5 сынып оқушыларының бейімделу кезеңінің қысқарғанын көрсетті.

Жалпы – сыныптық бақылау барысында 9, 11 сынып оқушыларының негізгі пәндер бойынша деңгейі тексерілді 9, 11 сыныптарда деңгейді анықтау мақсатында білім алушылардың тәрбие, білім беру дайындығы, қалыптасуын ынталандыру, сынып ұжымының қалыптасуы, проблемаларды анықтау жолдары мен түзету, қорытынды аяқтау емтиханға дайындық деңгейі бақыланды.

Пәндерді оқыту сапасын бақылау.

2025-2026 оқу жылында 1-11 сыныптарда пәндерді оқыту сапасын бақылау мақсатында әкімшіліктің мұғалімдердің сабақтарына қатысу, әкімшілік бақылау жұмыстарын алу, мектепшілік семинарлар ұйымдастыру, озат тәжірибені тарату жұмыстарын ұйымдастыруды бақылау жүрді. Пәндерді оқытудың жай-күйін бақылау үшін сабаққа қатысу жоспары жыл басында бекітілген және мектептің ресми сайтында жарияланған.

<http://sc0007.ereymentau.aqmoedu.kz/content/plan-posescheniya-urokov-direktora-shkoly>

http://sc0007.ereymentau.aqmoedu.kz/public/files/2025/9/10/100925_123730_sabakka-katysu-ghospary.pdf

Сабақтарға қатысу барысында:

- Сабақты жоспарлау және жүргізу;
- Сабақтың оқу бағдарламасының мазмұны мен оқу мақсаттарына сәйкестігін бақылау
- Сабақта цифрлық білім беру ресурстарын тиімді қолдану
- пән бойынша олқылықтарды жою жұмыстарын бақылау
- сабақтағы дарынды оқушылармен жұмыс
- үлгерімі төмен оқушылармен жұмысты ұйымдастыру,

- сабақта белсенді әдіс – тәсілдерді қолдану
- оқушылармен кері байланыс жүргізу
- ҚБ тарсырмаларының берілуі
- Пәнаралық байланысты ұйымдастыру
- сабақ мақсаттарының оқу мақсаттарымен байланысы бақыланды.
- Оқушылардың сабақтағы ынтасы мен белсенділігі

Әр сабаққа қатысу бойынша қатысу парағы толтырылады және сабақтан соң әр мұғалімге ұсыныстар беріледі.

Қатысқан сабақтар көрсетті:

- оқушылар оқу материалын меңгереді;
- Мұғалімдер оқытудың мақсатымен қатар, адамның әлеуметтік маңызды қасиеттерін (психикалық, эмоционалды-сенсорлық, мінез-құлық, коммуникативті, физикалық, шығармашылық) дамыту құралына айналады. Бұл мақсатқа педагогикалық технологияларды қолдану және оқу міндеттерін таңдау арқылы қол жеткізіледі;
- мұғалімдер сабақта оқушылардың жеке қасиеттерін (ойлау, сөйлеу, ерік-жігер, адамгершілік, қарым-қатынас , т.б.) дамыту мақсатын қойып, мектеп пәні арқылы жүзеге асырады;
- әртүрлі деңгейде үй тапсырмасын береді, бастамашылдық пен дербестікті ынталандырады, жеке оқу жетістіктерін көтермелейді, интуицияны, шығармашылық қиялды дамытатын тапсырмалар ұсынады. Оқушылар белсенді, ұйымшыл, мұғалімдер балалар ұжымын басқарады.

Қатысқан сабақтарды талдау бірқатар проблемаларды анықтады :

- сабақта заманауи білім беру технологияларының жеткіліксіз пайдаланылуы (проблемалық оқыту, көп деңгейлі оқыту, зерттеу және жобалық әдістер, тірек жазбалар әдісі және т.б.)

Сапалы білім беруді ұйымдастыруда пәндер онкүндігінің, мектепшілік семинарлардың ұйымдастырылуы бақыланды. Әр семинар мен онкүндіктерде ашық сабақтар, түрлі сайыстар өткізілді. Барлық іс- шаралар бойынша қорытындылар мектептің әлеуметтік желілерінде жарияланды.

Оқушыға сапалы білім беруді ұйымдастырудың бірден – бір жолы жас мамандардың тәлімгермен жұмысын ұйымдастыру. Тәлімгерлер жас мамандармен іс-тәжірибемен бөлісу жұмыстарын жүргізді. Оның ішінде дөңгелек үстелдер ұйымдастыруда әдістемелік кеңес жүргізу болды.

№	Бағалау өлшемдері	Бақылау объектілері	Ақпарат	Туындаған мәселелер	Ұсыныс
1	Оқу-тәрбие процесі	<p>1.«Мектепке жол» акциясының құжаттарын бақылау;</p> <p>2.Сыныпты жинақтау есебі;</p> <p>3. 9,11 сынып түлектерінің еңбекпен қамтылуы бойынша анықтама.</p> <p>4.Сабақ кестесінің құрылуын бақылау.</p> <p>5. 1 сынып оқушыларының құжаттары.</p> <p>6. Оқушылардың сынып бойынша тізімі.</p> <p>7. Келген және кеткен оқушыларды тіркеу журналы</p> <p>8. Оқушылардың сабаққа қатысуын күн сайын бақылау.</p>	<p>Баланың сапалы білім алуын бақылауда ең алдымен жалпы оқытуды бақылауды ұйымдастыру болды. Оның негізінде 6 жасқа толған оқушылардың барлығын мектепте оқытуды ұйымдастыру жүргізілді. Мектеп оқушыларының тізімі жасалды. Отбасының әлеуметтік жағдайын бақылау бойынша сынып жетекшілер жұмыстар жүргізді. Мектепке қабылдау, келген және кеткен оқушылардың құжаттарын бақылау жүргізілді. «Мектепке жол» акциясы ұйымдастырылды. 9,11 сынып түлектерінің еңбекпен қамтылуы бақылауда болды. Арнайы орта және жоғары оқу орындарына оқуға түскен оқушылардың анықтамалары жинақталды. Аз қамтылған отбасылардан шыққан оқушыларға көмек көрсетілді. Олар тегін ыстық тамақпен қамтылу тізіміне енгізілді. Кесте бойынша оқушыларды жылдық дәрігерлік тексеруден өткізілді. Жүргізілген тексеріс бойынша қорытынды есептер мен анықтамалар жасалды.</p>	<p>1.Оқушылардың сабақты босатуы.</p> <p>2. Орыс сыныптарында оқушылардың аз болуы.</p> <p>3. Мұғалімдердің тапшы болуы есебінен сабақ кестесін құру қиындықтары. (қиын пәндерді 5,6 сабақтарда өткізу)</p>	<p>Оқу-тәрбие процесінің тиімді болуы үшін жылдық жоспарды нақты құру.</p>

			ҚР ДСМ 5.08.2021 ж. № ЖЖМ -76 бұйрығымен бекітілген "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын ұстана отырып сабақ кестесі құрылған.		
2	Пәндерді оқыту сапасын бақылау.	<ol style="list-style-type: none"> 1. Мұғалімдердің сабақтарына қатысу жоспары. 2. Кіріс бақылау жұмыстарын алуды ұйымдастыру жұмысын бақылау. 3. Әкімшілік бақылау жұмыстарын өткізу. 4. 7 сыныптарға жаңадан енген пәндердің жүргізілуін бақылау. 5. 2-4,5-6 сыныптарда оқу жылдамдығын бақылау. 6. Білім сапасын мониторингі 	<p>1-11 сыныптарда пәндерді оқыту сапасын бақылау мақсатында сабаққа қатысу, әкімшілік бақылау жұмыстарын алу, мектепшілік семинарлар ұйымдастыру, озат тәжірибені тарату жұмыстарын ұйымдастыруды бақылау жүрді. Пәндерді оқытудың жай-күйін бақылау үшін сабаққа қатысу жоспары жыл басында бекітілген болатын. Әр сабаққа қатысу бойынша қатысу парағы толтырылады және сабақтан соң әр мұғалімге ұсыныстар беріледі.</p> <p>Сапалы білім беруді ұйымдастыруда пәндер онкүндігінің, мектепшілік семинарлардың ұйымдастырылуы бақыланды. Әр семинар мен онкүндіктерде ашық сабақтар, түрлі сайыстар өткізілді. Ай сайыс МІБ жоспарына сәйкес пәндер онкүндігі өткізіліп тұрады. Пәндер арасындағы сабақтастық, сабақ өткізу сапасы, білім беру сапасы алдыңғы орынға қойылады. Барлық іс-шаралар бойынша қорытындылар мектептің әлеуметтік желілерінде жарияланды.</p> <p>Білім сапасын артыру үшін 7 сыныптардағы</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1.Сабақты сапалы өткізу үшін жоспарлауда әдіс – тәсілдерді қолданбау. 2.Сабақта дарынды және үлгерімі төмен оқушылармен жұмыстар жүргізу сапасының төмендігі. 3. Әр тапсырмаларды орындауда білім мен дағдыларды қалыптастыру үшін нақты критерийлердің болмауы, бағалау критерийлері мен тапсырмалардың, дескрипторлардың өзара сәйкес келмеуі қаупі. 	<ol style="list-style-type: none"> 1.Білім беру нәтижелерін көтеру бойынша ұсынбалар әзірлеу, мониторинг зерттеулерінің нәтижесі бойынша жұмыс жоспарына өзгертулер енгізу. 2.Білімді қайталау арқылы бекіту мен даралап оқытуға жағдай туғызу үшін педагогтармен сандық оқу ресурстарын (интерактивті жұмыс парақтары, онлайн сынамалар, оқу және дамытушы

			<p>4,8,9,11 сыныптарда және тоқсан бойынша төмен пайыз көрсеткен пәндер бойынша сыныптарда әкімшілік бақылау жұмыстары жүргізілді.</p> <p>Бастауыш және 5,6 сынып оқушыларының оқу жылдамдығы бақыланды.</p> <p>Пәндер бойынша дарынды оқушыларға қолдау көрсету жұмыстары көрсетілуде.</p> <p>Пән бойынша және спорттық сайыстарға оқушылар жиі қатысады. Мектепшілік және аудандық байқауларға қатысып, жүлделі орындарға ие болуда.</p> <p>Тоқсан және жыл қорытындысы бойынша сыныптар, пәндер бойынша білім сапасының мониторингі жүргізілді. Мектептің педагогикалық кеңесінде, ӘБ,ӘК-де пәндер бойынша білім сапасын көтеру мәселелерін қарау жүргізілді.</p>		<p>ресурстарға сілтемелер) әзірлеу.</p> <p>3.Мұғалімнің педагогикалық қызметін жақсарту үшін маршрут парағын құру</p>
3	Қосымша білім беруді ұйымдастыру	<ol style="list-style-type: none"> 1. Үйірме, клубтар, секциялар, факультатив жұмыстарын ұйымдастыру және олардың жұмыс сапасын бақылау. 2. Жаһандық құзыреттілік курсының, үйірмелердің жүргізілуін зерделеу. 	<p>Үйірме, клубтар, секциялар, вариативті компонент сабақтары бойынша жылдық жоспар құрылып бекітілген. Сабақтарды өткізу бойынша сабақ кестесі құрылған.</p> <p>Вариативті компонент сабақтары электронды журналдың ҚББ бөліміне енгізілген. Жартыжылдық бойынша сынақ жұмысы жүргізілген.</p>	1.Қосымша білім беру бойынша сабақтарды өткізу сапасының төмендігі.	1. Қосымша білім беру бойынша сабақтарды ұйымдастыру және өткізу бойынша семинарлар мен байқаулар өткізу.
4	Ерекше білім беруді қажет ететін	<ol style="list-style-type: none"> 1. Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың тізімі. 2. Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың 	Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың тізімін нақтылау жүргізілді. Оларға білім беру бағдарламалары және оқыту барысы белгіленді. Мұғалімдерге ұсыныстар	1. Материалдық – техникалық базаның әлсіздігі.	Материалдық – техникалық базаны жақсарту

	оқушылармен жұмыс	құжаттарын бақылау.	берілді. Үйде оқыту құжаттары бақыланды.	2. Үйде оқытуды ұйымдастыруды жақсарту	үшін өтінімдер беру. Кадрларды арнайы курстардан өткізу.
5	1, 5, 10-сынып оқушыларын бейімдеу үрдісі	1. Бастауыш және орта буынға табысты бейімделуді бақылау; 2. Мектеп психологының жұмысы;	Ағымдағы оқу жылында жалпы - сыныптық бақылау 1, 5, 10 сыныптарда, мектепке, сыныпқа бейімделу кезеңінің өтуін бақылау Жалпы - сыныптық бақылау барысында сыныптардың сабақтарына қатысып оқушылардың ынтасы, белсенділігі, сабақты жүргізу сапасы анықталды, білім деңгейін анықтауда бақылау жұмыстары алынды. Бақылау нәтижелері бейімдеу процесін 1, 5, 10 сынып оқушыларының мектепке оң динамикасын көрсетті. 1,5 сынып оқушыларының бейімделу кезеңінің қысқарғанын көрсетті. Мектеп психологінің жұмысы бойынша оқушылармен сауалнамалар, тренингтер өткізеді. Әр оқушыға қолдау көрсетеді.	-	Балабақша мен мектеп, бастауыш буын мен орта буын арасындағы сабақтастықты нығайту жұмыстарын қарастыру.
6	Сыртқы бағалау критерийлері бойынша білім беру	1. ББЖМ, PISA зерттеулерін дайындық жұмысын бақылау.	Сыртқы бағалау жүргізуге дайындық бойынша жоспар құрылған. Сабақтарға қатысу барысында оқушылардың сауаттылық деңгейін дамыту жұмыстары қаралды. Қосымша сабақтар	-	ББЖМ, PISA дайындық бойынша байқау

	нәтижелерінің деңгейі		ұйымдастырылды. 4,9 сыныптарда әкімшілік бақылау жұмыстары жүргізілді.		сынақтарын көп өткізу.
7	«Өмір қауіпсіздік негіздері» міндетті оқу курсымен танысу; «Жол қауіпсіздігі ережелері» міндетті курсын жүзеге асыру.	1. Күнтізбелік-тақырыптық жоспар 2. Электронды журнал толтыру жағдайы.	Дүниетану, дене шынықтыру, алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәндері бойынша КТЖ-ға «Өмір қауіпсіздік негіздері» тақырыптарының енгізілуін бақылау жүргізілді. Сыныптың тәрбие жұмысы жоспарына «Жол қауіпсіздігі ережелері» тақырыптарының енгізілуі тексерілді. барлық сағат сандары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына сай келеді. Журналға «Өмір қауіпсіздік негіздері», «Жол қауіпсіздігі ережелері» тақырыптары енгізілген.	-	«Өмір қауіпсіздік негіздері» міндетті оқу курсымен танысу; «Жол қауіпсіздігі ережелері» міндетті курсын жүзеге асыруды жалғастыру.

III. Білімнің олқылықтарын толтыру және төмен көрсеткіштермен жұмыс істеу бойынша жұмыстарды бақылау

№	Бағалау өлшемдері	Бақылау объектілері	Ақпарат	Туындаған мәселелер	Ұсыныс
1	Білімдегі олқылықтардың	1. Білімдегі олқылықтардың орнын	Білімдегі олқылықтардың орнын толтыру жұмыс жоспары өткен оқу жылының	Білімдегі олқылықтарды	Білім алушылардың

	орнын толтыру жұмыс жоспарының құрылуы, білімдегі олқылықтарды жоюға бағдарланған тапсырмалардың ҚМЖ- да көрініс табуы.	толтыру жұмыс жоспары 2.Пәндер бойынша ҚМЖ.	қорытындысы бойынша құрылды. Төмен пайыз көрсеткен пәндердің сабақтарына қатысу жүргізілді. Сабаққа қатысу барысында ҚМЖ бақылауға алынды. ҚМЖ құруда пән бойынша олқылықтарды түзету жоспарлануы қаралды. Оқу жылының алдыңғы аптасында диагностикалық бақылау жұмыстары өткізілген. Қашықтан оқу кезінде туындаған олқылықтарды анықтау, талдау бойынша дөңгелек үстел өтті.	толтыруға бағытталған бөлек тапсырмалардың ҚМЖ да болмауы.	білім сапасы төмендеу себебін анықтау мақсатында ҚМЖ-на басымдық беріп, оқу мақсатына жету үшін әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану
2	Әр пән бойынша білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың негізгі көрсеткіштері	1.Пәндер мен сыныптардың білім сапасының мониторингі.	Тоқсан және жылдық қорытынды бойынша 2024-2025 оқу жылы мен 2025-2026 оқу жылының салыстыру мониторингі құрылды. Мониторинг пәндер және сыныптар бойынша жасалды. Төмен көрсеткіш көрсеткен сыныптар мен пәндердің сабақтарын бақылау, тестілеу өткізу, тренингтер жүргізу, пән мұғалімдері мен сыныптарға көмек көрсету жұмыстары жүргізілді.	Мониторинг бойынша білім сапасын көтеру мақсатында жеке жоспардың пән мұғалімдерінде болмауы.	1.Оқушылардың білім, білік дағдыларын дамытуға бағытталған тиімді кері байланыс беру тәсілін таңдау және оқу тапсырмаларын орындауын тексеру талаптарын әзірлеу. 2.Шағын топтарда жұмыс істеу мүмкіндіктерін

					пайдалану, өзара оқу, өздігінен оқу, сандық оқу ресурстарын қолдану
3	Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыстарды ұйымдастыру деңгейі	1.Сабаққа қатысу	Жеке пәндер бойынша оқу жетістіктерінің диагностикасы жүргізілді. Сабақтарға қатысу барысында үлгерімі төмен оқушылармен жұмыстар бақыланды. Сыныптан тыс жұмыстардың ұйымдастырылуы тексерілді.	1.Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыстың тиімсіз болуы.	1.Білім деңгейі жоғары оқушыларды үлгерімі нашар оқушыларға тьюторлық сүйемелдеу жасауға тарту.
4	Олқылықтарды толтыру бойынша мұғалімдер жұмысы	1.Олқылықтарды жою бойынша жылдық жоспар.	2025-2026 оқу жылының нәтижесі бойынша құрылған олқылықтарды жою жоспарлары бақыланды.	Тиімсіз жұмыстың болу қаупі.	Білімдегі олқылықтарды жою, қиындықтар мен регреспен жұмысты ұйымдастыру бойынша ұсынба әзірле, педагогтерді әдістемелік қолдау.
5	Білім алушылардың демалысын ұйымдастыру	1.Жазғы мектеп жұмысының жоспары	Орта білім беру ұйымдарында демалыс кездерінде білім алушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру бойынша жоспар құрылды. Жыл бойы жіберілген	Оқушылардың жазғы мектепке, каникул кезінде ұйымдастырылған	Жазғы демалыс жоспарын құруға оқушыларға көмек көрсету.

	бойынша жұмыстар		олқылықтардың орнын толтыру мақсатында «жазғы мектеп» өткізілді. Ата – аналардың өтініші бойынша оқушылар таңдаған пәндер бойынша жазғы мектеп сабақтарына қатысты. Жазғы мектеп құжаттарына бақылау жүргізілді.	шараларға қатыспай қоюы, өз уақытын тиімсіз өткізу қаупі бар.	
6	Білім алушылардың сабаққа қатысуы	1.Оқушылардың күнделікті сабаққа қатысу дәптері	Сынып жетекшілер күн сайын оқушылардың сабаққа қатысу бақылау дәптерлеріне белгілейді. Оқушының сабаққа қатыспау себебін анықтап белгілейді. Өз бетінше оқуға арналған материалдар әзірлеу,интербелсенді платформалардың көмегімен білім тексеруге арналған тесттер құрастыру.	Сабақтан көп қалуына байланысты, оқушыларда білім сапасының түсуі, білімдегі олқылықтарды өз бетінше толтыра алмау қаупінің өсуі.	1.Сабақты жиі босататын оқушылар үшін «білімді теңестіру топтарын» құру. 2.Үлгерімі төмен оқушыларды мектептегі өзін-өзі басқару жүйесін жетілдіру жұмыстарына тарту.

IV. Оқу-зерттеу қызметі

№	Бағалау өлшемдері	Бақылау объектілері	Ақпарат	Туындаған мәселелер	Ұсыныс
1	Оқушылардың ғылыми жобаларға, байқауларға,	Оқушылардың байқауларға, сайыстар мен олимпиадаларға	Оқушылардың мектепшілік, аудандық және облыстық байқаулар мен олимпиадаларға қатысуы бойынша мониторинг жүргізілді. Жеңімпаздарды марапаттау және қолдау жұмыстары жүргізіледі. Өртүрлі деңгейдегі	1.Педагогтің оқушылармен ғылыми зерттеу	1.Ғылым күндерін, зерттеу қызметінің онкүндігін өткізу.

	олимпиадаларға қатысуы	қатысуы бойынша мониторинг	қатысушылардың байқаулардан алған әсерімен бөлісу үшін тақырыптық кездесулер мен дөңгелек үстелдер ұйымдастырылды.	жұмыстарын әлсіз жүргізуі 2.Оқушыларда зерттеуші ретінде жұмыс істеу дағдысының толық жетілмеуі.	
2	Педагогтердің ғылыми зерттеушілік қызметі	1.Педагогтердің кәсіби сайыстар мен байқауларға қатысу мониторингі	Мұғалімдердің кәсіби сайыстар мен байқауларға қатысуы бойынша мониторинг құрылды. Облыстық және республикалық деңгейде оқушы дайындаған мұғалімдердің тәжірибелерімен бөлісу мақсатында дөңгелек үстелдер ұйымдастырылды. Зияткерлік конкурстар мен олимпиадалардың жеңімпаздары мен жүлдегерлерін дайындаған педагогтар үшін көтермелеу жүйесі жүргізілді. Әдістемелік кеңес отырыстарында оқу-зерттеу қызметінің тиімділігін қарастырылды.	1.Зерттеу жүргізу тәжірибесінің болмауы	1.Зерттеу қызметінің мәселелері бойынша шығармашылық топтардың жұмысын ұйымдастыру; 2.Табысты ғылыми жетекшілердің тәжірибесін тарату;
3	Дарынды және білімге құштар балалар базасы;	1.Талантты және ынталы балалардың базасы	Талантты және ынталы балалардың базасы жаңартылды. Оқушылардың пән және бағыт бойынша дарындылығы анықтау жүргізілді. Дарынды оқушыларды қолдау үшін түрлі сайыстар, дебаттар және ойындар ұйымдастырылды.	1.Дарынды оқушыларды анықтау қағидаларының нақты болмауы.	1. Дарынды оқушылармен жұмысты нығайту.

4	Оқушылардың ғылыми қоғамдастығының жұмысы	1.Оқушылардың ғылыми қоғамдастығының құжаттары мен жұмысының нәтижесі.	Мектептің ОҒҚ құру туралы бұйрық және жылдық жоспары құрылып бекітілген. ОҒҚ мүшелерінің тізімі және жетекшілері бекітілген. Оқу жылына зерттеу тақырыптары бөлінген. Оқу жылының қорытындысы бойынша мониторинг жүргізілді.	1.Зерттеуді ұйымдастыру процесіне ОҒҚ мүшелерінің тартылу деңгейінің төмендігі.	1.Оқушыларды зерттеу жұмыстарына тарту іс – шараларын ұйымдастыру;
---	---	--	--	---	--

V. Мұғалімнің шеберлік және әдістемелік дайындық жағдайының деңгейін бақылау

Білімдегі олқылықтарды толтыру үшін педагогикалық ұжымның жұмысын бақылау жүргізілді. Мектепте жұмыс істейтін мұғалімдердің барлығының арнайы педагогикалық білімі бар. Барлық мұғалімдер жоспарға сәйкес өз біліктілік деңгейлерін уақытылы көтеріп, бекітеді. Мектептің барлық мұғалімдері біліктілікті арттырудың перспективалық жоспарына сәйкес біліктілікті арттыру курстарынан өтті. Оқу жылының басында әр мұғаліммен «Оқу -әдістемелік қамтамасыз етудің болуы, оқу жоспарларын білу, білім беру стандартының талаптары» тақырыбында сұхбат жүргізілді, күнтізбелік және тақырыптық жоспарлау әдістемелік бірлестік отырыстарында бекітілді. Жұмыс жоспарына сәйкес кіріс және аралық бақылау, қорытынды бақылау бойынша бақылау жұмысының кестелері құрастырылды. Оқу жоспарын әдістемелік қамтамасыз ету бойынша жұмыс жүргізілді: мазмұны, сабақтастығы талданды. Әдістемелік көмек көрсету мақсатында мұғалімдермен жүйелі түрде әңгімелесу жүргізіледі. Сонымен қатар облыс, ауданның әдістемелік қызметі аясында мұғалімдер семинарларға, дөңгелек үстелдерге, шеберлік сабақтарына қатысуда.

№	Бағалау өлшемдері	Бақылау объектілері	Ақпарат	Туындаған мәселелер	Ұсыныс
1	Педагогикалық кадрлармен жасақталуы	1.Мұғалімдердің сапалық құрамының тізімі.	Мұғалімдердің диплом бойынша сәйкестігі бақыланды. Әр мұғалімнің еңбек өтілі, біліктілік санаты, курстан өту бойынша тізім тексерілді. Әр мұғалімнің	Маман емес педагогтерді қайта даярлау курстарынан өтуі.	1.Ваканттық сағаттарға конкурс жариялау.

		<p>2.Мұғалімдердің дипломдар.</p> <p>3.Вакант сағаттарды жүргізетін мұғалімдер құжаттары.</p>	<p>медициналық тесеруден өтуі және соттылығы бойынша анықтамалар бақыланды.</p> <p>Ваканттық сағаттарды жүргізетін мұғалімдердің диплом бойынша немесе дайындық курстарынан өтуі бойынша ақпарат қадағаланды. ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 бұйрығына сәйкес бос орындарға конкурс өткізу барысына бақылау жүргізілді.</p>		<p>2.Маман емес педагогтерді қайта даярлау курстарына жіберу.</p>
2	Педагогтердің әдістемелік дайындық деңгейі	<p>1.Педагогтердің әдістемелік</p> <p>2. Мұғалімнің кәсіби дамуы және өзін-өзі жетілдіру құжаттары</p>	<p>Мектепте оқыту семинарларын ұйымдастыру немесе педагогтерді оқыту семинарларына жіберу, оқыту платформаларын таңдау, әдістемелік жұмыстың жекелеген аспектілерін зерделеу бойынша корпоративтік бағдарламаларды іздеу жұмыстарын бақылау.</p> <p>Жас педагогтарды қолдау үшін іс-шаралар ұйымдастыру жұмыстарын, педагогтардың тәжірибесін трансляциялау үшін іс-шараларды жоспарлауды, педагог стандартының талаптарын орындау мониторингін жүргізу жұмыстары тексерілді.</p> <p>Педагогикалық рефлексияны жетілдіру бойынша тренингтер ұйымдастырылды. Мұғалімнің кәсіби өсуі үшін түрлі</p>	<p>1.Әдістемелік даярлықтың төмен деңгейі</p> <p>2.Кәсіби және тұлғалық өсу үшін жағдайлардың болмау қаупі</p>	<p>1.Педагогикалық ұжымның әдістемелік жұмысын жетілдіруге бағытталған Lesson Study және Action research зерттеулерін ұйымдастыру.</p> <p>2.Командалық оқытуды ұйымдастыру (менторинг, коучинг)</p> <p>3.Мектепшілік рейтингтік жүйені енгізу</p>

			бірлестіктердің жұмысын ұйымдастырылды: әдістемелік бірлестіктер, шығармашылық топтар құрылды.		
3	Шығармашылық топтарының жұмысы	1.Шығармашылық топ құжаттарын бақылау.	Шығармашылық топ құжаттары мен жұмысы бақыланды. Шығармашылық топ мүшелерінің мұғалімдермен бірлескен жұмысы, зерттеу проблемалармен жұмыс барысы бақыланды.	1.Шығармашылық топ мүшелерінің жұмысын формальды жүргізу қаупі	1.Шығармашылық топ жұмысының жылдық жоспарын нақтылау және жұмысын қадағалау.
4	Жас мамандармен жұмыс	1.Жылдық жұмыс жоспары 2.Жұмыс нәтижесі бойынша мониторинг	Жас мамандармен жұмыс барысы бақыланды. Жас педагогтарды қолдау үшін ұйымдастырылған іс-шаралар бақыланды. Педагогтардың тәжірибесін трансляциялау үшін іс-шаралар жоспары қадағаланды. Жұмыс нәтижесі бойынша мониторинг жүргізілді.	1.Өзін – өзі жетілдіру бойынша жұмыстың тиімді болмауы.	Командалық оқытуды ұйымдастыру (менторинг, коучинг)

VI. Тәрбие үрдісінің процесін, өткізілген іс –шаралардың сапасын бақылау

Мектептегі үйірме, секция жұмыстарын бақылау нәтижесі:

Мектепте 9 үйірме , 6 секция бар.

Үйірмелер

1. Жас сарбаз», «Жас құтқарушы»-21
2. «Жас эколог»-25
3. «АТ-сынып»- 18
4. «Физика әлемі»-21
5. «Жас химик»-16
6. «Шебер қолдар»-16

7. «Занимательный русский язык»-9
8. «Let's speak English»- 11
9. «Математикалық сауаттылық»-6

Секциялар

1. Тенис -15
2. Волейбол -15
3. Дойбы-15
4. Баскетбол-17
5. Футбол -17
6. «Асық ату»-15

Үйірмелер мен секцияларға күндер белгіленіп, жауапты тұлғалар бекітілді. оқушылардың өз білімін жетілдірудің негізгі формасы – үйірме. Оқушылардың өзі қызығатын саласында практикалық жұмыспен айналысатын бірлестік. Егер үйірменің жұмысы қоғамдық пайдалы тапсырмаларды орындаумен, қоршап тұрған өмірмен, өндіріспен байланысты болса нәтижелі болады.

Үйірме арнаулы бағдарлама негізінде бірнеше жарты жылға жасалатын жоспар бойынша жұмыс істейді. Ол үйірме жетекшісінің мектептің мүмкіндіктері мен қажеттіктерін оқушылардың жеке ерекшеліктерін талаптары мен ынталары әзірлік дәрежелерін т.б. ескеріп, нақтылы жұмыс жасауды жеңілдететін бағыт болып табылады. Әрбір үлгі бағдарлама танымдық және теориялық мәліметтердің белгілі түрлерін көздейді.

Секция Мақсаты: 1. оқушыларға , ата-аналарға салауатты өмір салтын сақтаудың қажеттілігін, зиянды заттардың зардаптарын білуге, жат әдеттерден аулақ болуға үйрену; 2. ой - өрістерін, сана, сезімдерінің, тілдерін, шығармашылықтарын дамыту; 3. адамгершілік пен биік мәдениеттілік қасиеттерді бойына сіңірген жан – жақты, рухани дамыған тұлғаны тәрбиелеу. Міне балалар, біз денсаулық туралы тегін әңгімелеп отырған жоқпыз, бүгінде денсаулығымызды қалай сақтаймыз, не нәрселерден аулақ болуымыз керек, сол жөнінде ой өрбітеміз. Біздің халқымыз «Деннің саулығы –бастың байлығы» - деп тегін айтпаған. халқымыздың денсаулығына өз жолдауында үлкен мән беріп, азаматтардың денсаулығына, қоршаған ортаның таза болуына күш салу қажеттілігін атап айтқан. Ендеше, денсаулықты сақтау өз қолымызда. Денсаулықты сақтау –ең әуелі тазалықты сақтаудан басталады екен. Біздің дінімізде де денсаулығымызды сақтау жолдары туралы айтылады екен.

Мектепте денешынықтыру бөлімі бойынша алты секция үйірмесі жұмыс істейді. Жоспарлық тақырыпқа сай, үйірмелер апта сайын жұмыстарын жалғастыруда.

Әр сағатта міндетті түрде ғана ой-сананы дамытып, содан кейін, дене қимылдарына көшеді. Мақсаты ойын барысында, шапшаң ойлауға көмегін береді. Миды ояту мақсатында «Түсіп қалған әріптер».

Санитарлық гигиеналық талаптарды сақтау мониторингі

Мектепте қызметкерлер мен білім алушылардың санитарлық гигиеналық талаптарына ерекше көңіл бөлінуде. Таңғы уақытта мектепке қабылдау кезінде барлық оқушы мен мектеп қызметкерлерінің температурасы өлшеніп, білім алуға, жұмысын жалғастыруға рұқсат беріледі. Сонымен қатар әр оқу сыныптарының ауасын зарарсыздандыру (кварцтау) және тазалық жұмыстары жүргізіліп отырады.

Оқушылардың санына қарай ауысым мен жұмыс режимі алдын ала анықталып, талапты сақтай отырып, оқу процесі ұйымдастырылу үстінде.

Қоңырауларда, сабақтарды мектеп медбикесі оқушыларды тексеріп, әркез бақылауда ұстайды. Білім алушыларға санитарлық норманы қалай сақтау керектігі туралы, сынып жетекшілер сынып сағатында толық ескерту жұмыстарын жүргізіледі. Гигиеналық заттарды дұрыс қолдану, антисептикті дұрыс пайдалану, ауыз суды үйден алып келу сияқты ережелерді үнемі орындауда, мониторинг жүргізілуде.

2025-2026 оқу жылына жоспарлап құрылып, бекітілді. Сынып жетекшілер сыныптарға бекітіліп, тәрбие жоспарының тұжырымдамасына сәйкес жоспарлар құрылып, бекітілді. Қыркүйек айының басында сынып жетекшілерімен бірге сыныптағы оқушылардың әлеуметтік паспортын әзірлеп, әртүрлі категориялар анықталды. Мектеп бойынша 211 оқушы, оның ішінде көп балалы отбасынан 114 оқушы, аз қамтылған яғни жалпы оқыту қорынан көмек алған 35 оқушы. Туыстарының үйінде сенімхаат арқылы тұрып, оқып жатқан 4 оқушы бар.

01 тамыз – 30 қыркүйек аралығында жүргізілген «Мектепке жол» акциясы өтті

Акция аясында аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан, жетім балалар мен ата – анасының қамқорлығынсыз қалған оқушыларға жаңа оқу жылына дайындық кезеңінде және әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке бармауын алдын алу үшін материалдық және басқа да көмек көрсету мақсатында ағымдағы жылдың 1 тамызы мен 30 қыркүйек аралығында «Мектепке жол» дәстүрлі жыл сайынғы республикалық акциясы өткізілді.

Биылғы жылы акция әлеуметтік бағыттағы «Менің таңдауым – балаларға көмек көрсету!» атты ұранмен өтті.

Тамыз айының басынан бастап, тұрмысы төмен, аз қамтылған отбасындағы балаларды анықтау бойынша сынып жетекшілер (карантиннің талабын сақтай отырып) рейд өткізілді. Рейд барысында әлеуметтік көмекке мұқтаж отбасылар анықталды.

Жаны жомарт, Ауыл тұрғындары өз көмектерін көрсетіп, көмекке мұқтаж отбасылардың балаларына мейлінше көмек қолын созды. Сонымен қатар ауданның білі бөлімінен 2 сөмке мен кеңсе тауарлары бірге берілді. Ол сөмкелерді алтын

алға иегелері, көп балалы отбасыларына берілді. «Көп түкірсе, көл демекші» анықталған отбасылардың баларына барынша көмектер көрсетілді.

Балалардың тамыз есебі алынып, деректер негізінде жоспар құрылды. Мүмкіндігінше қол ұшын беріп, көмектескен адамдар да табылды. Мектепте де ұстаздар тарапынан қолдау көрсетіп, материалдық жағынан төмен отбасыларының баларына кеңсе тауарларымен көмектесті.

Сонымен қатар сынып жетекшілерде өз сыныбындағы оқушылардың жағдайларымен танысып, мүмкіндігінше өз көмегін берді.

Ата-аналармен бірлесе отырып жұмыс істеп, оқушылардың құжаттарын реттеп жалпы оқыту қорынан көмек алуға мүмкіндік туды. Жалпы оқыту қорынан 35 оқушыға мектеп формасын, спорттық киімдер, сөмке және дәптерлер таратылып берілді. Балалардың оқуына мүмкіндік жасалды. Болашақта да жомартжандар өз қол ұшын беретінін, әркез байланыста болатындарын жеткізді.

Қауіпсіз орта қалыптастыру мақсанда ай сайын бейне камералардың жұмысын бақылау жүргізіледі. Мектепте 14 камера орнатылған. Бейнебақылау жүйесі жарамды, жазу жұмыс режимінде жүргізіледі, ақаулар жоқ, жұмыс күйінде, зақымдану жоқ.

Тексеру нәтижелерінің негізінде комиссия: күніне 1 рет бейнебақылау жүйесін қадағалап, ақауы жоқтығын тексеріп, қадағаланып отыруды шешті.

Мектепшілік бақылауды талдау нәтижесі бойынша 2026-2027 оқу жылына қойылатын міндеттер:

1. Оқу-тәрбие процесінің сапасын арттыру:

- Білім сапасын арттыру: Оқушылардың білім деңгейін (білім сапасы, үлгерімі) диагностикалау және оны арттырудың нақты шараларын белгілеу.
- Мемлекеттік стандарттарды сақтау: Мұғалімдердің оқу бағдарламаларын уақытылы және сапалы орындауын бақылау.
- Функционалдық сауаттылықты дамыту: Оқушылардың PISA, TIMSS зерттеулеріне дайындығын және алған білімдерін өмірде қолдана алу дағдыларын бақылау.

2. Кадрлық әлеуетті және мұғалімдердің кәсіби шеберлігін арттыру:

- Педагогтердің жұмысын талдау: Сабаққа қатысу, өзара сабаққа қатысу арқылы мұғалімдердің оқыту әдіс-тәсілдерінің тиімділігін бағалау.
- Жас мамандарды қолдау: Жас мамандардың бейімделуін және оқу-тәрбие процесіне кірігуін бақылау.

3. Білім алушылармен тәрбие және түзету жұмыстары:

- Тәрбие жұмысының жай-күйі: Сынып жетекшілерінің жұмысын, тәрбиелік шаралардың сапасын, Құндылықтарға негізделген «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының тұжырымдамасы арқылы жүзеге асырылуын бақылау.
- Оқушылардың қауіпсіздігі мен әлеуметтенуі: Мектептегі қауіпсіз ортаны (буллингтің алдын алу) және оқушылардың тәртібін бақылау.
- Ерекше білім беруді қажет ететін балалар: Инклюзивті білім берудің жүзеге асырылуын, жеке оқу жоспарларының сақталуын қадағалау.

4. Мектеп құжаттамасын және жаппай оқытуды бақылау:

- Құжаттаманың дұрыс жүргізілуі: Электронды журналдарды, жеке істерді, алфавиттік кітаптарды толтыруды тексеру.
- Жаппай оқыту: Мектеп жасындағы балалардың оқумен қамтылуын және сабақтан қалған оқушылармен жұмысты бақылау.

Мектеп директоры:  Назарбекова С.А.

Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары:  Смаилова С.К.

Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:  Серғазы Ж.

